"Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерту енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2713 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1992 жылғы 30 мамырда қабылдаған "Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 9, 248-құжат) 10-бабының 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Радиоактивті шикізатты барлау, өндіру және ұқсату жұмысын заңды тұлғалар қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен лицензиялар және контрактілер негізінде жүзеге асырады".

2. Осы жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК